

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
мақұлданды
(2018 жылғы «25 » қазандағы №121 отырыс хаттамасы)

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
(2018 жылғы «01 » қарашадағы №65 отырыс хаттамасы)

ДЕНЕ ЖАРАҚАТТАРЫ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Жұмыс ережесі

1. Бір жазатайым жағдай нәтижесінде болған бірнеше дене жарақаттарына төленетін және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемінің кестесі» бөлімінде айтылған сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің үлкен мөлшерімен төленетін жарақатты қарастыратын бапқа сәйкес жүргізіледі. Дәл осындай тәртіп егер дене жарақаты белгілі бір бөлімнің бір бабының түрлі тармақтарында немесе бір бөлімнің түрлі баптарының түрлі тармақтарында келтірілген жағдайда да қолданылады.

2. Бір жазатайым жағдай нәтижесінде болған бірнеше дене жарақаттарына төленетін және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемінің кестесі» бөлімінде айтылған сақтандыру төлемі әр дене жарақаты үшін бөлек төленеді, бірақ жалпы төлем сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

3. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемінің кестесі» бір бапта көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақатының санына қарамастан, осы бапқа сәйкес бір рет төленеді.

4. Сақтандыру төлемінің мөлшері, егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемінің кестесінде» өзгесі қарастырылмаса, бір жерден дене жарақаты болған жағдайға белгіленген, осы сияқты екі жерден дене жарақаты болғанда сақтандыру төлемі екі еселенеді.

5. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемінің кестесінің» сәйкес ескертулерінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтауға, қандай дене жарақатына жататынын және аталған Кестенің ережелерін қолдану тәртібін анықтауға қатысты өзге шарттар келтірілуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген шарттар тиісті ескерту шарттарына қайшы келген жағдайда, осы ескертулердің шарттары қолданылады.

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %)
1-БӨЛІМ. БАС СҮЙЕГІ, ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ		
1.	Бас сүйегінің жарылуы:	
	а) күмбес сүйектерінің сыртқы пластинкалары	5
	б) күмбес	15
	в) негіз	20

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
	г) күмбез бен негіз	25
2.	Бас сүйек ішіндегі жарақат гематомасы (қан құйылуы):	
	а) эпидуралдық	5
	б) субдуралдық немесе субарахноидальдық	10
	в) субарахноидальдық (ми ішілік) және субдуралдық	15
3.	Бас миының зақымдануы:	
	а) бас сүйегінің аузындағы алынбаған бөтен дене (тігіс және пластикалық материалды санамағанда)	15
	б) бас миы затын мелжемдеу	30
<p>Ескерту:</p> <p>1. Егер бас ми жарақатына байланысты бас сүйегіне, бас миына және оның қабыршағына ота жасалған болса, бір рет қосымша 10 % сақтандыру сомасы төленеді.</p> <p>2. Егер бір сақтанғыру жағдайы нәтижесінде бір бапта келтірілген дене жарақаттарын алса, сақтандыру төлемі ауыр дене жарақатын ескеретін тармақтың бірі бойынша төленеді. Осы бөлімнің түрлі баптарында көрсетілген дене жарақаттары кезінде сақтандыру төлемі олардың әрқайсысы бойынша барлығын жинақтап төленеді, бірақ жалпы төлем сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.</p> <p>Ескерту:</p> <p>Бас ми жарақаты салдарынан көру органдары төмендесе немесе есту органдары ауырласа, сақтандыру төлемі осы жарақатты және тиісті баптар бойынша көрсетілген асқынулардың барлығын ескере отырып, барлығын жинақтап төленеді.</p>		
4.	Бір немесе бірнеше бас ми жүйкесінің перифериялық жарақаты	10
<p>Ескерту: егер бас ми жүйкесінің зақымдалуы бас негізінің жарылуы кезінде болса, сақтандыру сомасы 1 бап бойынша төленеді; 4 бап бұл орайда қолданылмайды.</p>		
5.	Арқа миының, жұлынның кез келген деңгейдегі жарақаты	
	а) ішінара үзілуі	30
	б) жұлынның толық үзілуі	90
<p>Ескерту:</p> <p>Егер омыртқа және жұлынның жарақатына байланысты ота жасалған болса, қосымша бір рет 10 % сақтандыру сомасы төленеді.</p>		
6.	Мойын, иық, бел, сегізкөз өрімінің жарақаты (үзілуі, жарақатталуы):	
	а) жарақат плекситі	10
	б) өрімнің ішінара үзілуі	30
	в) өрімнің үзілуі	70
<p>Ескерту:</p> <p>Жарақатқа байланысты пайда болған невралгия, невропатия, сақтандыру төлеміне негіз бола алмайды.</p>		
7.	Жүйкенің үзілуі:	
	а) бір білек сүйегінің, шынтақ немесе кәрі жілік білезік буынының деңгейіндегі ортаңғы сүйектің және білектің, асық жіліктің немесе тоқпан жіліктің	10
	б) екі немесе одан көп: кәрі жілік, шынтақ, кәрі жілік білезік буынының деңгейіндегі ортаңғы сүйектің және білектің, асық жіліктің немесе тоқпан жіліктің жүйкесінің	20
	в) бір: қолтық, кәрі жілік, шынтақ, шынтақ буының деңгейіндегі ортаңғы және иықтар, құйымшақ пен жамбас жүйкесі	25
	г) екі немесе одан көп: қолтық, кәрі жілік, шынтақ, шынтақ буының деңгейіндегі ортаңғы және иықтар, құйымшақ пен жамбас жүйкесі	40
<p>Ескерту:</p> <p>Табан, саусақ және саусақ ұштарының жарақаты сақтандыру төлеміне негіз бола алмайды.</p>		
2-БӨЛІМ. КӨРУ ОРГАНДАРЫ		
8.	Бір көздің аккомадация параличі	15
9.	Гемианопсия (бір көздің көру аймағының жартысының түсіп қалуы), келесі асқынулары бар көз алмасының бұлшықеттерінің жарақаттануы: жарақаттан болған қылилық, птоз, диплопия	15
10.	Көз жарақаты салдарынан көру аймағының тарылуы (концентрлік, бейконцентрлік)	10
11.	Көз жарақаты салдарынан көздің пульстік экзофтальмы	15
12.	Көру жітілігін төмендетпеген көз жарақаттары: көз алмасына кірген жарақат, 2,3 деңгейде күйу, гемофтальм	5
<p>Ескерту:</p> <p>1. Деңгейі көрсетілмеген көздің күйуі, сонымен қатар патологиялық өзгерістерге әкелмеген 1 деңгейдегі</p>		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
<p>көздің күйі сақтандыру төлеміне негіз болмайды.</p> <p>2. Егер 12 бапта көрсетілген дене жарақаттары көздің көруін төмендетсе, сақтандыру төлемі 17 бапқа сәйкес төленеді; 12 бап бұл ретте қолданылмайды. Ал егер көз алмасының жарақаттануына байланысты 12 бап бойынша сақтандыру төлемі төленсе, ал кейін жарақат асқынып көздің көруі төмендесе, және бұл сақтандыру төлемін көп мөлшерде төлеуге негіз бола алмайды, бұрын төленген сақтандыру сомасы ұсталады.</p> <p>3. Көздің қабыршағындағы беткі бөтен денелер сақтандыру төлеміне негіз бола алмайды.</p>		
13.	Жас өтетін жолдың қызметінің бұзылуына алып келген бір көздің жас өтетін жолының жарақат.	5
<p>Ескерту:</p> <p>Егер окулист дәрігер көз жарақаттанған соң 3 ай өткеннен кейін 8, 9, 10, 11, 13 баптарында көрсетілген патологиялық өзгерістер бар және көздің көруі төмендеген десе, сақтандыру төлемі барлық салдарды ескере отырып төленеді, бірақ сақтандыру сомасынан 50% аспауы тиіс.</p>		
14.	Төмендегі салдарға алып келген көздің жарақаты:	
	а) 0,01 төмен емес көруге ие, бір көздің немесе екі көздің де толық көрмеуі	100
	б) бір көзден толық айырылу	50
15.	Соқыр көздің жарақаты нәтижесінде көз алмасын алып тастау	10
16.	Көз шарасының жарылуы	10
17.	Көз көруінің төмендеуі (1 кестеге сәйкес)	
<p>Ескерту:</p> <p>1. жарақатталу нәтижесінде көздің көруінің төмендеуіне және өзге салдарға байланысты сақтандыру төлемі туралы шешім ем аяқталған соң қабылданады, бірақ жарақатқа алып келген жазатайым жағдайдан кейін 3 айдан ерте емес. Осы мерзім өткен соң Сақтандырылған тұлға екі көзінің де көру мүмкіндігін және дене жарақаты салдарынан болған өзге де жарақаттарын анықтау үшін (түзетулерді қоспағанда) окулист дәрігерге жіберіледі. Мұндай жағдайларда 12, 13, 16 баптары бойынша жарақаттарды ескере отырып, сақтандыру төлемі жасалуы мүмкін.</p> <p>2. Егер жарақатталуға дейін жарақатталған көздің көруі туралы мәлімет жоқ болса, шартты түрде жарақатталмаған көз сияқты болған деп санаған жөн. Алайда, жарақатталмаған көздің көруі жарақатталған көзге қарағанда төмен болса, шартты түрде жарақатталған көздің көруі 1,0 тең деп алған жөн.</p> <p>3. Егер жарақат нәтижесінде екі көзі де зақымдалса және олардың көру мүмкіндігі туралы мәлімет жоқ болса, көздің көруі шартты түрде 1,0 тең деп алған жөн.</p> <p>4. Егер көздің көруі жарақаттан кейін төмендеуіне байланысты жасанды көз қарағын ауыстырып қондырса немесе түзеткіш линза қолданылса, сақтандыру төлемі отаға дейінгі көздің көру мүмкіндігін ескере отырып төленеді.</p>		
3-БӨЛІМ. ЕСТУ ОРГАНДАРЫ		
18.	Төмендегілерге алып келген құлақ жарғағының жарақаты:	
	а) құлақ жарғағының 1/3 бөлігінің болмауы	3
	б) құлақ жарғағының 1/3 – 1/2 бөлігінің болмауы	7
	в) құлақ жарғағының 1/2 бөлігінен астамының болмауы	15
<p>Ескерту: 18 бап бойынша сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім жарақат жазылған соң жүргізілген куәландыру деректері негізінде қабылданады.</p>		
19.	Естудің төмендеуіне алып келген бір құлақтың жарақаттануы:	
	а) 1ден 3 м дейін қашықтықта сыбырлап сөйлесу (30-50 дБ-ға 500, 1000, 4000 гц жиілікке байланысты аудиограмма деректері бойынша төмендеуі)	5
	б) сыбырлап сөйлеу – 0, ауызекі сөйлеу 1 м дейін (60-80 дБ-ға 500, 1000, 4000 гц жиілікке байланысты аудиограмма деректері бойынша төмендеуі)	15
	в) толық саңырау (ауызекі сөйлеу – 0)	40
<p>Ескерту:</p> <p>Есту жүйесінің жарақат нәтижесінде төмендеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім ем аяқталған соң қабылданады, бірақ аспаптық зерттеу деректері бойынша жарақат алған күннен бастап 3 айдан бұрын емес. Осы мерзім аяқталған соң Сақтандырылған тұлға алған дене жарақатының салдарын анықтау үшін лор маманға жіберіледі.</p>		
4-БӨЛІМ. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ		
20.	Сүйектердің, мұрын сіңірінің, маңдайдың алдыңғы қабырғасының, гаймор қуысының, торлы сүйек кеңсіріктің сынуы	5
21.	Келесі әрекеттерге алып келген кеуде қуысының және оның органдарының жарақаты:	

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
	а) өкпенің бір бөлігін алып тастау	40
	б) бір өкпені алып тастау	60
Ескерту: 21 баптың б) тармағы бойынша сақтандыру төлемін жасағанда 21 баптың а) тармағы қолданылмайды.		
22.	1. Төс сүйектің сынуы	5
	2. Қабырғаның сынуы:	
	а) біреуінің	3
	б) екі-үшеуінің	5
	в) төрт-бесеуінің	10
	г) алты-жетеуінің	15
	д) тоғыз-онының	20
	е) оннан астамы	25
23.	Көкірек қуысының терең жарасы, жарақатқа байланысты пайда болған торакоскопия, торакоцентез, торакотомия:	
	а) кеуде қуысы органдарының дене жарақатынсыз терең жарақатқа байланысты жүргізілген торакоскопия, торакоцентез	5
	б) кеуде қуысы органдарының дене жарақаты кезіндегі торакотомия	10
Ескерту: Егер кеуде қуысының және оның органдарының жарақатына байланысты өкпені немесе оның бір бөлігін алып тастаса, сақтандыру төлемі 21 бапқа сәйкес жасалады; бұл ретте 23 бап қолданылмайды. Кеуде қуысының жарақатына байланысты торакоскопия, торакоцентез, торакотомия жасалса, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр отаға төленеді.		
24.	Көмекей, түтік, қалқанша шеміршегінің жарақаты, тіл асты сүйектің сынуы, қызмет етуін бұзбаған жоғарғы тыныс алу жолдарының күйі.	5
25.	Көмекей, түтік, қалқанша шеміршегінің жарақаты, мынадай салдарға алып келген жарақатқа байланысты жасалған трахеостомия:	
	а) дауыстан айырылу, жарақаттан кейін кемінде 3 ай трахеостомикалық түтік тағу	7
	б) дауыстан айырылу, жарақаттан кейін кемінде 6 ай трахеостомикалық түтік тағу	15
Ескерту: 25 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер сақтанушы өтінішінде жарақат көмекейдің немесе түтіктің қызметін бұзғанын көрсетсе, 24 бап бойынша жарақатқа байланысты жасалған сақтандыру төлеміне қосымша жасалады, бұл ретте жарақаттан кейін үш ай өткен соң маманның қорытындысын алу қажет. Бұл мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 24 бап бойынша жасалады.		
5-БӨЛІМ. ЖҮРЕК ҚАН ТАМЫР ЖҮЙЕСІ		
26.	Жүрек қан тамырларының жетіспеушілігін туындатпаған, жүректің, оның қабықшасының және ірі магистралдық тамырларының жарақаты.	10
27.	Жүрек қан тамырларының жетіспеушілігін туындатқан, жүректің, оның қабықшасының және ірі магистралдық тамырларының жарақаты:	
	а) 1 деңгейде	10
	б) 2-3 деңгейде	15
Ескерту: Егер анықтамада жүрек қан тамырларының жетіспеушілігінің деңгейі көрсетілмесе, сақтандыру төлемі 27 бап бойынша жүргізілмейді.		
28.	Ірі перифериялық тамырлар жарақатының (қан айналымының қызметін бұзбаған) деңгейі:	
	а) иық, жамбас	10
	б) білек, сирақ	5
29.	Тамыр жетіспеушілігіне алып келген ірі перифериялық жарақат.	10
Ескерту: 1. Ірі магистралдық тамырларға мыналар жатады: қолқа, өкпе, атаусыз, ұйқы тамырлары, ішкі мойындырық көктамыры, жоғарғы және төменгі бос көктамырлар, қақпалық көктамыр, сонымен қатар ішкі органдардың қан айналымын қамтамасыз ететін магистралдық тамырлар. 2. Егер төлемге өтініште жарақат жүрек қан тамырларының қызметін бұзғаны туралы көрсетілсе, Сақтандырылған тұлға маманның қорытындысын ұсынуы тиіс. 3. Егер осы баптарда көрсетілген жарақат алғаннан кейін үш ай өткен соң медициналық мекемеде жарақаттың асқынғаны анықталса және ол осы мекеменің анықтамасымен расталса, 27, 29 баптар		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
бойынша сақтандыру төлемі қосымша жасалады. Бұл мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 26, 28 баптар бойынша төленеді.		
4. Егер ірі қан тамырларының жарақатына байланысты қан тамырларын қалпына келтіру мақсатында ота жасалса, сақтандыру төлемі бір ретсақтандыру сомасынан 5% мөлшерінде төленеді.		
6-БӨЛІМ. АС ҚОРЫТУ ОРГАНДАРЫ		
30.	Үстіңгі жақ, бет сүйектері немесе астыңғы жақтың сынуы:	
	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі немесе одан да көп сүйектің сынуы немесе бір сүйектің екі жерден сынуы	10
Ескерту: Тістің сынуынан болған ұяшықтық өсіндінің сынуы, сақтандыру төлемін жасауға негіз бола алмайды.		
31.	Төмендегідей жағдайға алып келген жақтың жарақаты:	
	а) жақтың бір бөлігінің (ұяшықтықөсінді қоспағанда)	40
	б) астыңғы жақтың толық ақауы (болмауы)	80
Ескерту: 1. Астыңғы жақтың толық ақауына немесе жақтың бір бөлігінің болмауына байланысты сақтандыру төлеміне санына қарамастан тістен айырылу да жатады. 2. 31 бап бойынша сақтандыру төлемі жасалғанда ота үшін қосымша сақтандыру төлемі жасалмады.		
32.	Келесі ақауларға алып келген тілдің жарақаты:	
	а) тіл ұшының болмауы	5
	б) дисталды тілдің үштен бір бөлігінің болмауы	10
	в) тілдің орташа деңгейде үштен бір бөлігінің болмауы	20
	г) тілдің тамырымен немесе тілдің толықтай болмауы	50
33.	Тістен толық айырылуыға алып келген тіс жарақаты	
	а) 1 тістің болмауы	3
	б) 2-3 тіс	5
	в) 4-6 тіс	10
	г) 7-9 тіс	15
	д) 10 және одан астам тістің болмауы	20
Ескерту: 1. Алынбайтын протезбен тіс жарақаты нәтижесінде тіс сынған немесе тістен айырылған кезде сақтандыру төлемі тек тірек тістерге төленеді. Жарақат кезінде алынбалы протездер зақымдалған жағдайда, сақтандыру төлемі төленбейді. 2. Тістен айырылғанда және жақ сынғанда төленуі тиіс сақтандыру төлемі 30 және 33 баптар бойынша жинақталып анықталады.		
34.	Жұтқыншақтың, өңештің, асқазанның, ішектердің жарақаты (жаралануы, үзілуі, күюі), сонымен қатар осы зақымдалуларға байланысты немесе олардың қызметін бұзбаған өңештен, асқазаннан бөтен денені алып тастау мақсатында жүргізілетін эзофагогастроскопия.	5
35.	Төмендегілердің пайда болуына алып келген өңештің жарақаты (зақымдалу, үзілу, күю):	
	а) өңештің бірқалыпты тарылуы	10
	б) өңештің айтарлықтай тарылуы	15
	в) өңештің бірден тарылуы	40
	г) өңештің өтпей қалуы (гастростома болған жағдайда), сонымен қатар өңештің пластикадан кейінгі жағдайы	80
Ескерту: 35 бап бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері жазатайым оқиға болған күннен бастап кемінде 6 ай өткен соң ғана анықталады. Бұл мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 34 бап бойынша төленеді, және оның мөлшері 35 бап бойынша төленуі тиіс сақтандыру төлемінің мөлшерінен есептеледі.		
36.	Алдыңғы құрсақ қабырғасының дене жарақаты орнында, диафрагмада немесе операциядан кейінгі тыртық маңында пайда болған жарық, егер ота жарақатқа байланысты жасалса немесе осындай жарыққа байланысты отадан кейінгі жағдайы.	5
Ескерту: 1. 36 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер жарық аталған бап бойынша осындай жарақаттың тікелей салдары болса, құрсақ қабырғасының жарақатына байланысты анықталған сақтандыру төлеміне қосымша төленеді. 2. Ауыр көтергеннен болған іштің жарығы (кіндік, ақ жолақ, шап және шап қуық жарығы) сақтандыру		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
төлеміне негіз бола алмайды.		
37.	Мынадай салдарға алып келген бауырдың жарақаты:	
	а) ота жасауды қажет етпейтін бауырдың капсулалық жыртылуы, тікелей жарақат салдарынан болған гепатит, сарысу гепатиті	5
	б) бауырдың жетіспеушілігі	10
38.	Келесі салдарға алып келген бауырдың, өт қабының жарақаты:	
	а) бауырдың жыртылған жердерін тігу немесе өт қабын алып тастау	15
	б) бауырдың бір бөлігін алып тастау	20
	в) бауырдың бір бөлігін немесе өт қабын алып тастау	30
39.	Мынадай салдарға алып келген көк бауырдың жарақаты:	
	а) ота жасауды қажет етпейтін көкбауырдың капсулалық жыртылуы	5
	б) көкбауырды алып тастау	30
40.	Төмендегілерге алып келген асқазанның, ұйқы безінің, ішектің, шажырқайдың жарақаты:	
	а) асқазанның, ішектің, ұйқы безінің резекциясы	30
	б) ұйқы жезін алып тастау	60
Ескерту:		
1. Осы бөлімнің бір бабының бірнеше тармағында айтылған жарақаттар салдары болған жағдайда, сақтандыру төлемі олардың сақтандыру төлемінің ең көп мөлшерін қарастыратын біреуі бойынша төленеді.		
2. Түрлі баптарда айтылған жарақат салдары болған жағдайда, сақтандыру төлемі жинақтап әр бап бойынша төленеді, бірақ ол сақтандыру сомасынан аспайы тиіс.		
41.	Төмендегілер жасалған құрсақ қабырғасының жарақаты:	
	а) лапароскопия (лапароцентез)	5
	б) іш органдарының жарақаттануы кезіндегі лапаротомия (сонымен қатар лапароскопией, лапароцентезом)	10
Ескерту:		
Құрсақ органдарының жарақатына байланысты 38-40 баптары бойынша сақтандыру төлемін жасауға негіз бар болса, сақтандыру төлемі тек аталған бапқа сәйкес жасалуы тиіс жағдайларды қоспағанда, 41 бап қолданылмайды.		
7-БӨЛІМ. НЕСЕП ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЫНЫС ЖҮЙЕСІ.		
42.	Төмендегілерге алып келген бүйректің жарақаты:	
	а) ота жасауды қажет етпеген бүйректің зақымдалуы, бүйректің капсулдық жыртылуы	5
	б) бүйректің бір бөлігін алып тастау	20
	в) бүйректі алып тастау	50
43.	Төмендегілерге алып келген несеп шығару жүйесі органдарының (бүйрек, зәрағар, қуық, несеппағар жолы) жарақаты:	
	а) қуықтың кішіреюі	10
	б) несеппағардың, несеп шығару каналының тарылуы	20
	в) ұзақ уақыт езіліп қалу синдромы (жарақаттан болған токсикоз, краш-синдромы, мелжемдеу синдромы, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі)	30
	г) несеппағардың, несеп шығару каналының өтпеуі.	40
Ескерту:		
1. Егер жарақат нәтижесінде несеп шығару жүйесінің бірнеше органдарының қызметі бұзылса, сақтандыру төлемінің мөлшері 43 баптың дене жарақатының ауыр салдарын ескеретін бір тармағы бойынша белгіленеді.		
2. 43 баптың тармақтарында айтылған жарақат салдарына байланысты сақтандыру төлемі, егер мұндай асқынулар жазатайым оқиғадан кейін үш ай өткен соң да бар болса төленеді. Бұл мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 42 бап бойынша төленеді және оның мөлшері 43 бап бойынша төленуі тиіс сақтандыру төлемінің мөлшерінен есептеледі.		
44.	Несеп шығару жүйесі органдарының жарақатына байланысты жасалған ота.	5
Ескерту:		
Егер жарақатқа байланысты бүйрек немесе оның бір бөлігі алынып тасталса, сақтандыру төлемі 42 баптың б), в) тармақтары бойынша жасалады, бұл жағдайда 44 бап қолданылмайды.		
45.	Төмендегілерге алып келген жыныс жүйесінің жарақаты:	
	а) бір аналық безін, жатыр түтігін, жыныс безін алып тастау	15

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
	б) екі аналық безін, екі жатыр түтігін, жыныс мүшесінің бір бөлігін алып тастау	30
	в) төмендегі жастағы әйкелдердің жатырын жоғалтуы	
	40 жасқа дейін	50
	40 жастан 50 жасқа дейін	30
	50 жастан жоғары	15
	г) жыныс мүшесі мен екі енегінен айырылу	50
8-БӨЛІМ. ЖҰМСАҚ ТІНДЕР		
46.	Жазылғаннан кейін пайда болған беттің жұмсақ тіндерінің, мойынның алдыңғы-жан беттерінің, жақ аймағының астының, құлақ жарғағының жарақаты:	
	а) 1,0 см ² бастап 5 см ² дейінгі немесе ұзындығы 5-10 см тыртықтың пайда болуы	5
	б) бет әрінің бірден бұзылуы (5-10 см ² немесе ұзындығы 10-15 см. тыртықтың пайда болуы)	10
	в) бетінің сиқы бұзылуы (10 см ² астам немесе қзындығы 15 см астам тыртықтың пайда болуы)	25
Ескерту:		
1. Косметикалық байқалатын тыртықтарға басқа терісінің түсінен ерекшеленіп тұратын, шығыңқы немесе созылықты, теріні тартып тұратын тыртықтарды жатқызуға болады. Бетінің сиқы бұзылуы – механикалық, химиялық, термикалық және басқа зорлық салдарынан адам бетінің қалыпты күйінің бірден бұзылуы.		
2. Егер бет қаңқасының сүйектері сынып сынықтары жылжуына байланысты ота жасалса (ашық репозиция), оның нәтижесінде тыртық пайда болса, сақтандыру төлемі сынық пен отадан кейінгі тыртықты ескере отырып, егер ол тыртық беттің әрін бұзса немесе өзге деңгейде болса төленеді.		
3. Күйік алған жағдайда сақтандыру төлемі №2 кестеге сәйкес төленеді.		
47.	Төмендегі көлемді алатын тыртықтың пайда болуына алып келген, бастың шашты бөлігінің жұмсақ тіндерінің, көкірегінің, аяқ-қолының жарақаты:	
	а) 5 см 2 бастап дененің 1% немесе ұзындығы 10-15 см	5
	б) 1% бастап дененің 2% немесе ұзындығы 15-20 см	10
	в) 3 % бастап дененің 4 % немесе ұзындығы 20-25 см	15
	г) 5 бастап дененің 10 % немесе ұзындығы 25-30 см	20
	д) дененің 10% астамы және одан көбі, немесе ұзындығы 30 см астам	35
Ескерту:		
1. қарастырылатын дененің 1% оның қолы мен саусақтарының алақан бетінің ауданына тең. Бұл аудан кәріжілік білезіктен бастап III саусақтың тырнақ бөлігінің ұшына дейін өлшенетін саусақ ұзындығын II – Y алақан сүйегінің бас жақ деңгейіне дейін (I саусақты санамағанда) еніне көбейту арқылы шаршы сантиметрмен анықталады.		
2. Тыртықтың ауданын анықтау кезінде терінің зақымдалған жерінің ақауын жабу үшін тері трансплантаны үшін алынған жерде пайда болған тыртықты да ескеру қажет.		
3. Егер сақтандыру төлемі ота үшін жасалса (ашық зақымдалулар, сіңірдің пластикасы, тамырларды, жүйкені және т.б. тігу), 47 бап қолданылмайды.		
4. 46, 47 баптар бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім жарақат беттері жазылған соң жасалған куәландыру деректерін ескере отырып қабылданады, бірақ жазатайым оқиғадан кейін 1 айдан ерте емес.		
5. Күйген жағдайда сақтандыру төлемі №2 кестеге сәйкес жасалады.		
48.	Жұмсақ тіндердің жарақаты:	
	Сіңірдің үзілуі	3
9-БӨЛІМ. ОМЫРТҚА		
49.	Дененің, омыртқа тұтасы мен өсіндісінің сынуы, буынның сынуы -шығуы немесе шығуы, сегізкөз бен құйымшақты қоспағанда:	
	а) бір-екі	20
	б) үш -бес	40
	в) алты және одан астам	60
50.	Омыртқа аралық сіңірдің үзілуі, омыртқаның жартылай таю (құйымшақты қоспағанда)	3
Ескерту:		
Омыртқаның жартылай таю қайталанғанда сақтандыру төлемі жасалмайды.		
51.	Сегізкөздің сынуы	10
52.	Құйымшақтың дене жарақаты:	
	а) құйымшақ омыртқасының шығуы	5
	б) құйымшақ омыртқасының сынуы.	10
Ескерту:		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
<p>1. Егер омыртқа жарақатына байланысты (соның ішінде сегізкөз бн құйымшақ) ота жасалса, сақтандыру сомасынан бір рет 10% мөлшерінде қосымша сақтандыру төлемі жасалады.</p> <p>2. Егер бір жарақат нәтижесінде омыртқа денесі сынса, сіңір жарақаттанса, омыртқаның көлденең немесе жота өсіндісі сынса, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр жарақатты қарастыратын бап бойынша төленеді.</p>		
10-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ЖАУЫРЫН, БҰҒАНА		
53.	Жауырынның, бұғананың сынуы немесе акромиалды-бұғаналық, кеуде-бұғаналық буынының толық немесе ішінара үзілуі:	
	а) бір буындағы сіңірдің сынуы, үзілуі	5
	б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің екі жерден сынуы, екі буынның үзілуі немесе сегізкөздің сынуы, сынуы-шығуы	10
	в) қосылып бітпеген сынық (жалған буын)	10
<p>Ескерту:</p> <p>1. Егер 53 бапта көрсетілген зақымдарға байланысты ота жасалған болса, сақтандыру сомасынан 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p> <p>2. Қосылып бітпеген сыныққа (сынықтар) (жалған буындар) байланысты сақтандыру төлемі, егер мұндай асқынған жарақаттар жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң 53 баптың а), б) тармақтарына сәйкес медициналық мекемемен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса ғана төленеді. Бұл төлем қосымша төлем болып табылады, сондықтан бір рет қана төленеді.</p>		
11-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ИЫҚ БУЫНЫ		
54.	Иық буыны аймағының (жауырынның буын қуысы, иық сүйегінің басы, анатомиялық хирургиялық мойын, бұдырмақ, буын сөмкесі) дене жарақаттары:	
	а) буын капсулалары, сүйек фрагменттерінің бөліктері, сонымен қатар үлкен бұдырмақтың бөліктері, жауырынның буын қуысының сынуы, иықтың шығуы, сіңірдің үзілуі.	5
	б) иықтың сынуы (иық басының, анатомиялық хирургиялық мойынның), иықтың сынуы-шығуы	10
55.	Төмендегілерге алып келген иық белдеуінің дене жарақаттары:	
	а) буындардың қозғалмауы (анкилоз)	20
	б) буын беттерінің, оның сүйектерінің резекциясы нәтижесіндегі «ойнамалы» иық буыны	40
<p>Ескерту:</p> <p>1. 55 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер осы бапта айтылған асқынулар жарақат алғаннан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, иық буынының зақымдануына байланысты жасалатын сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p> <p>2. Егер иық буынының жарақатына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
12-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ИЫҚ		
56.	Иық сүйегінің сынуы:	
	а) кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі бөлігі)	10
	б) екі жерден сынуы	20
57.	Қосылып бітпеген сынықтың (жалған буын) пайда болуына алып келген иық сүйегінің сынуы	30
<p>Ескерту:</p> <p>1. 57 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер аталған асқынулар жарақат алғаннан кейін 3 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе, иық жарақатына байланысты жасалатын сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p> <p>2. Егер иық буынының жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
58.	Қолдарының жарақат ампутациясы немесе ампутацияға алып келетін ауыр зақымдалулар:	
	а) жауырын, сегізкөз немесе оның бөліктері	70
	б) кез келген деңгейдегі иықтар	50
	в) иық деңгейіндегі жалғыз қол	70
<p>Ескерту:</p> <p>Егер сақтандыру төлемі 58 бап бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.</p>		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
13-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ШЫНТАҚ БУЫНЫ		
59.	Шынтақ буыны аясындағы дене жарақаттары	
	а) сүйек фрагменттерінің үзіктері, сонымен қатар иық сүйектерінің айдаршық сіңірінің үзіктері, кәрі жілік немесе шынтақ сүйегінің сынуы, иық үстінің шығуы, сіңірдің үзілуі	5
60.	Төмендегілерге алып келген шынтақ буынының жарақаты:	
	а) буынның қолғалмауы (анкилоз)	20
	б) (буын беттерінің, оның сүйектерінің резекциясы нәтижесінде) «ойнамалы» иық буыны	30
<p>Ескерту:</p> <p>1. 60 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер осы буындағы қозғалыстың бұзылуы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, шынтақ буынының зақымдануына байланысты жасалатын сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p> <p>2. Егер шынтақ буынының жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
14-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: БІЛЕК		
61.	Кез келген деңгейдегі иық үсті сүйектерінің сынуы, буын аймағын қоспағанда (жоғарғы, ортаңғы, астыңғы бөліктері):	
	а) сынуы	5
	б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің екі жерден сынуы	10
62.	Иық үсті сүйегінің қосылып бітпеуі (жалған буын):	
	а) бір сүйектің	15
	б) екі сүйектің	30
<p>Ескерту:</p> <p>62 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер осы жарақаттың асқынуы жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, иық үсті жарақатының зақымдануына байланысты жасалатын сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p>		
63.	Төмендегілерге алып келген жарақат ампутациясы немесе ауыр зақымдануы:	
	а) кез келген деңгейдегі иық үстінің ампутациясы	40
	б) шынтақ буынындағы экзартикуляция	50
	в) иық үстіндегі жалғыз қолдың ампутациясы	60
<p>Ескерту:</p> <p>1. Егер иық үстінің жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p> <p>2. Егер сақтандыру төлемі 63 бап бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.</p>		
15-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: КӘРІ ЖІЛІК БІЛЕЗІК БУЫНЫ		
64.	Кәріжілік білезік буынының дене жарақаттары:	
	а) иық үстінің бір сүйегінің сынуы, бізтәрізді өсіндінің (өсінділердің) жұлынуы, сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) жұлынуы, шынтақ сүйегі басының шығуы, сіңірдің үзілуі	5
	б) иық үсті екі сүйегінің сынуы	10
65.	Осы буынның қозғалмауына (анкилоз) алып келген, кәріжілік білезік буынының жарақаты	15
<p>Ескерту:</p> <p>1. 65 бап бойынша сақтандыру төлемі, егер иықтың қозғалмауы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса төленеді.</p> <p>2. Егер кәріжілік білезік буынының жарақатына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
16-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: БІЛЕЗІК		
66.	Білек сүйектерінің, бір қолдың алақан сүйектерінің сынуы:	
	а) бір сүйектің	2
	б) екі немесе одан көп сүйектердің	5
<p>Ескерту:</p> <p>1. Егер қол жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
67.	Төмендегілерге алып келген қол жарақаты:	

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
	а) бір немесе бірнеше қосылып бітпеген сүйек (жалған буын)	10
	б) барлық саусағынан ауырылу, алақан сүйектеріне, білек немесе кәріжілік білезік буындарына ампутация	50
	в) жалғыз қолға ампутация жасау	50
<p>Ескерту: Білек сүйектерінің немесе алақан сүйектерінің қосылып бітпеген сыныққа (жалған буынға) байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер осы жарақаттың асқынуы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша 67 баптың а) тармағы бойынша төленеді. Егер сақтандыру төлемі 67 баптың б) тармағы бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.</p>		
17-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕР: БІЛЕЗІК САУСАҚТАРЫ - БІРІНШІ САУСАҚ		
68.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) саусақтың сынуы.	5
<p>Ескерту: 1. Тырнақ маңы етініңізіндеуі (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз бола алмайды. 2. Бақай сүйектерінің (сүйектің) сынуына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
69.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) екі буынның қозғалмауы	5
<p>Ескерту: Бір саусақ қызметінің бұзылуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер осы буынның (буындардың) қозғалмауы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p>		
70.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) фаланга аралық буынның ампутациясы (саусақ фалангасынан айырылу)	5
	б) негізгі фаланга, алақан фалангасы буынының ампутациясы (саусақтан айырылу)	15
	в) алақан сүйектерімен немесе оның бір бөлігімен саусақ ампутациясы	20
<p>Ескерту: Егер сақтандыру төлемі 70 бап бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.</p>		
18-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: БІЛЕЗІК САУСАҚТАРЫ - ЕКІНШІ, ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ, БЕСІНШІ САУСАҚТАР		
71.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) бір саусақтың сынуы	3
	б) екі немесе бірнеше саусақ фалангасының сынуы	5
<p>Ескерту: 1. Тырнақ маңы етініңізіндеуі (паронихия) сақтандыру төлемін жасауға негіз бола алмайды. 2. Бақай сүйектерінің (сүйектің) сынуына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
72.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) екі немесе бірнеше саусақ буындарының қозғалмауы	5
<p>Ескерту: Саусақ қызметінің бұзылуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер осы буынның (буындардың) қозғалмауы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша төленеді.</p>		
73.	Төмендегілерге алып келген саусақ жарақаты:	
	а) ампутацию на уровне основной фаланги, потерю пальца	5
	б) потерю пальца с пястной костью или частью ее	10
<p>Ескерту: 1. Егер сақтандыру төлемі 73 бап бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды. 2. Бірнеше саусақтарын зақымдаған жағдайда сақтандыру төлемі әр дене жарақатын ескере отырып жинақтап төленеді. Алайда оның мөлшері сақтандыру сомасынан 50% аспауы тиіс.</p>		
19-БӨЛІМ. ЖАМБАС		
74.	Жамбас жарақаты:	
	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі сүйектің сынуы немесе сіңірдің, бір буын сіңірінің үзілуі, бір сүйектің екі жерден	10

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыр у төлемінің мөлшері (сақтанды ру сомасынан %%)
	сынуы	
	в) үш және одан көп сүйектердің сынуы, екі немесе үш буынның үзілуі	15
Ескерту: Егер жамбас сүйегінің сынуына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.		
75.	Жамбас буынының қозғалмауына алып келген жамбас жарақаты:	
	а) бір буынның	20
	б) екі буынның	40
Ескерту: Жамбас буынының (буындарының) қызметінің бұзылуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер буынның қозғалмауы жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша 75 бап бойынша төленеді.		
20-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ЖАМБАС БУЫНЫ		
76.	Жамбас буынының жарақаты:	
	а) сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) үзілуі, сіңірдің, буынның үзілуі	5
	б) ұршықтың (ұршықтардың) оңаша үзілуі	10
	в) жамбастың шығуы	5
	г) жамбас басының, мойынының, проксималды метафизасының сынуы	25
Ескерту: 1. Егер бір жарақат нәтижесінде жамбас буынының түрлі жарақаттары пайда болса, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр жарақатты қарастыратын бап бойынша төленеді. 2. Егер жамбас буынының жарақатына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.		
77.	Төмендегілерге алып келген жамбас буынының жарақаты:	
	а) қозғалмауы (анкилоз)	20
	б) жамбас мойынының қосылмай бітуі (жалған буын)	30
	в) эндопротездеу	40
	г) жамбас басының резекциясы нәтижесінде болған «ойнамалы» буын	45
Ескерту: 1. 77 бапта айтылған асқынуларға байланысты сақтандыру төлемі буын жарақаты бойынша сақтандыру төлеміне қосымша төленеді, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр дене жарақатын қарастыратын бап бойынша төленеді. 2. 77 баптың а), б) тармақтары бойынша сақтандыру төлемі, егер осы жарақаттың асқынулары жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса төленеді.		
21-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ :САН		
78.	Жамбастың сынуы:	
	а) буын маңын қоспағанда, кез келген деңгейдегі (жоғарғы, ортаңғы, төменгі бөлігі)	15
	б) жамбастың екі жерден сынуы	20
79.	Қосылып бітпеген сынықтың (жалған буын) пайда болуына алып келген жамбастың сынуы	30
Ескерту: 1. Егер жамбас жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады. 2. Жамбастың сынуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер мұндай асқыну жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша 79 бап бойынша төленеді.		
80.	Жарақат ампутациясы немесе жамбастың кез келген деңгейінде аяқтың ампутациясына алып келетін ауыр дене жарақаты:	
	а) бір аяғының	60
	б) жалғыз аяғының	100
Ескерту: Егер сақтандыру төлемі 80 бап бойынша төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.		
22-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ТІЗЕ БУЫНЫ		

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
81.	Тізе буынының жарақаты:	
	а) жұлыну, сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) сынуы, айдаршықтың (айдаршық үстінің) сынуы, асық жілік (тоқпан жілік) басының сынуы, тегіршіктің үзілуі, буындардың, сіңірдің үзілуі	5
<p>Ескерту:</p> <p>1. Тізе буынының түрлі жарақаты қосылғанда, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр дене жарақатын қарастыратын 81 баптың тармақтарының біреуіне сәйкес төленеді.</p> <p>2. Егер тізе буынының жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
82	Төмендегілерге алып келген тізе буыны аймағындағы дене жарақаты:	
	а) буынның қозғалмауы:	15
	б) буын бетінің және оның сүйектерінің резекциясы нәтижесінде болған «ойнамалы» тізе буыны	30
	в) эндопротездеу	40
<p>Ескерту:</p> <p>82 бап бойынша сақтандыру төлемі осы буынның жарақатына байланысты жасалған (81 бап) сақтандыру төлеміне қосымша жасалады.</p>		
23-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: СИРАҚ		
83.	Сирақ сүйегінің сынуы (буын аймағын қоспағанда):	
	а) асық жілік	5
	б) тоқпан жілік, асық жіліктің екі жерден сынуы	10
	в) екі жіліктің де, тоқпан жіліктің екі ерден сынуы	15
<p>Ескерту:</p> <p>1. 83 бап бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері келесі жағдайларда анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - асық жіліктің жоғарғы және ортаңғы бөлігінің сынуы кезінде; - тоқпан жіліктің кез келген деңгейдегі диафизасының сынуы кезінде - диафиза аймағындағы тоқпан жіліктің сынуы (жоғарғы, ортаңғы төменгі бөлігінің) және асық жіліктің жоғарғы немесе ортаңғы бөлігінің сынуы. <p>2. Егер жарақат нәтижесінде тізе немесе сирақ буынындағы тоқпан жіліктің буыніші сынған жағдайда және диафиза деңгейінде асық жілік сынғанда, сақтандыру төлемі 81 және 83 немесе 86 және 83 баптар бойынша жинақталып төленеді.</p>		
84.	Қосылып бітпеген) сыныққа (жалған буын алып келген сирақ сүйегінің сынуы (сүйек фрагменттерін қоспағанда):	
	а) асық жілік	5
	б) тоқпан жілік	15
	в) екі жілік те	20
<p>Ескерту:</p> <p>1. Сирақ сүйектерінің сынуына байланысты жасалатын сақтандыру төлемі, егер мұндай асқыну жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме маманымен белгіленсе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сақтандыру төлеміне қосымша 84 бап бойынша төленеді.</p> <p>2. Егер сирақ жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
85.	Төмендегілерге алып келген жарақат ампутациясы немесе ауыр дене жарақаты:	
	а) кез келген деңгейдегі сирақ ампутациясы	40
	б) тізе буынындағы экзартикуляция	50
	в) сирақтың кез келген деңгейіндегі жалғыз аяқтың ампутациясы	70
<p>Ескерту:</p> <p>Егер сақтандыру төлемі сирақ ампутациясына байланысты төленсе, ота үшін, отадан кейінгі тыртық үшін сақтандыру төлемі жасалмайды.</p>		
24-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ТАБАН БУЫНЫ		
86.	Табан буыны аймағының жарақаты:	
	а) сіңірдің, буынның үзілуі	3
	б) бір тобықтың сынуы	5
	в) екі тобықтың сынуы	10
	в) тоқпан жіліктің жиегі мен екі тобықтың сынуы	15

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
<p>Ескерту: Табан буыны аймағының жарақатына байланысты ота жасалса (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөтен денені алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасына қосымша 10% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
87.	Төмендегілерге алып келген табан буыны аймағындағы жарақат;	
	а) табан буынының қозғалмауы	20
	б) «айнымалы» табан буыны (сүйектерден тұратын буын бетінің резекциясы нәтижесінде)	30
	в) табан буынындағы экзартикуляция	35
<p>Ескерту: Табан буынының жарақаты нәтижесінде 87 бапта көрсетілген асқыну болған жағдайда сақтандыру төлемі ең ауыр дене жарақатын қарастыратын бір тармаққа сәйкес төленеді.</p>		
25-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ: ТАБАН		
88.	Табан жарақаты:	
	а) бір сүйектің сынуы (өкше мен асықты қоспағанда)	5
	б) асық сүйек пен өкше сүйегінің сынуы	7
	в) екі сүйектің сынуы	10
	г) үш не одан көп сүйектің сынуы	15
<p>Ескерту: 1. Табан сүйегінің сынуына байланысты ота жасалса, сақтандыру сомасына қосымша 5% мөлшерінде бір рет сақтандыру төлемі жасалады.</p>		
89.	Төмендегілерге алып келген табан жарақаты:	
	а) бір сүйектің қосылмай бітуі (жалған буын)	3
	б) екі сүйектің қосылмай бітуі (жалған буын)	5
	в) үш не одан көп сүйектің қосылмай бітуі (жалған буын)	10
	г) табан сүйек-бақайшықтар буынына ампутация (аяғының барлық саусағы жоқ болса)	20
	д) табан сүйектеріне немесе тілерсекке ампутация	25
	е) асық сүйек, өкше сүйегіне ампутация (табанынан айырылу)	30
<p>Ескерту: 1. 89 бапта қарастырылған табан жарақатының асқынуына байланысты сақтандыру төлемі табан жарақатына байланысты жасалатын сақтандыру төлеміне қосымша төленеді. 2. Егер сақтандыру төлемі табан ампутациясына байланысты төленсе, ота жасағаны, отадан кейінгі тыртық үшін қосымша сақтандыру төлемі төленбейді.</p>		
26-БӨЛІМ. АЯҚТЫҢ ТӨМЕНГІ ЖАҚТАРЫ: АЯҚ САУСАҚТАРЫ		
90.	Сынуы:	
	а) бір саусақтың	3
	б) екі-үй саусақтың	5
	в) төрт-бес саусақтың	10
<p>Ескерту: Саусақтың (саусақтардың) сынуына байланысты ота жасалса, қосымша бір рет сақтандыру сомасынан 3% сақтандыру төлемі төленеді.</p>		
91.	Жарақат ампутациясы немесе төмендегі ампутацияға алып келген аяқ саусақтарының жарақаты:	
	1) бірінші саусақтың:	
	а) негізгі саусақ немесе табан сүйек-бақайшықтар буыны деңгейінде	5
	2) екінші, үшінші, төртінші, бесінші саусақтар:	
	а) табан сүйек-бақайшықтар буыны деңгейіндегі бір-екі саусақтың	5
	б) тырнақ немесе орташа табан сүйектері деңгейіндегі үш-төрт саусақтың	10
	в) негізгі табан сүйектері немесе табан сүйек-тырнақ буындары деңгейіндегі үш-төрт саусақтың	15
<p>Ескерту: 1. Егер сақтандыру төлемі 91 бап бойынша төленсе, ота жасағаны, отадан кейінгі тыртық үшін қосымша сақтандыру төлемі төленбейді. 2. Егер жарақатқа байланысты бақайшық сүйектің саусағына немесе оның бір бөлігіне ампутация жасалса, бір рет сақтандыру сомасынан 5% қосымша сақтандыру төлемі төленеді.</p>		
92.	Төмендегілерге алып келген дене жарақаты:	
	а) лимфостаз, тромбофлебит, трофиктің бұзылуы	5

№ р/с	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %%)
	б) остеомиелит, сонымен қатар гематогенді остеомиелит	10
<p>Ескерту:</p> <p>1. 92 бап тірек-қимыл аппаратының жарақаты салдарынан болған тромбофлебитте, лимфостазда және трофиктің бұзылуы кезінде қолданылады (ірі перифериялық тамырлар мен жүйкелердің жарақатын қоспағанда).</p> <p>2. Аяқ саусақтарының іріңдеп қабынуы сақтандыру төлемін жасауға негіз бола алмайды.</p>		
93.	Химиялық заттармен, биологиялық улармен асқынған түрде улану (ботулизм ауруын туғызатын токсиндерді қосқанда)	10
94.	Улы жыландардың, құрт-құмырсқалардың (сары шаяндардың, бүйілердің, энцефалиттік кенелердің және басқасы) шағуы.	5
<p>Ескерту:</p> <p>93 және 94 баптар бойынша сақтандыру төлемі сақтандырылған тұлғаны медициналық мекемеде 21 күн және одан астам уақыт емдеу қажет болса және ол осы мекеменің анықтамасымен расталса төленеді.</p>		

1-кесте
Көру мүмкіндігінен айырылғанда төленетін сақтандыру төлемі

Жарақатқа дейінгі көздің көруі	1,0	0,9	0,8	0,7	0,6	0,5	0,4	0,3	0,2	0,1	0,1 төмен
Жарақат алғаннан кейінгі көздің көруі	төлем %										
0,9	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,8	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,7	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-
0,6	10	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-
0,5	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-	-
0,4	10	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-
0,3	15	15	15	10	10	5	5	-	-	-	-
0,2	20	20	20	15	10	10	5	5	-	-	-
0,1	30	30	30	20	15	10	10	5	5	-	-
0,1 төмен	40	40	40	30	20	15	15	10	10	10	-
0,0	50	50	50	25	25	20	20	20	20	20	20

Ескерту:

- Толық соқыр (0,0) деп көздің көру деңгейі 0,01 төмен болған жағдайда және жарықты сезуге дейінгі (қолының саусақтарымен) айтады.
- Көзі жарақат алғанға дейін болған көз алмасының, оның тыржиюының жарақаттануы нәтижесінде алып тастаған жағдайда, сақтандыру сомасынан 10 % қосымша төленеді.

2-кесте
Күйік алғанда төленетін сақтандыру төлемі (сақтандыру сомасынан пайызбен)

Күйік ауданы (дененің %)	Күйік деңгейі									
	I.	I-II	II.	II-IIIА	IIIА	IIIА-III Б	III Б	III Б-IV	IV	
1 бастап 10 дейін	-	-	3	3	10	10	15	15	20	
11 бастап 20 дейін	4	4	5	5	20	20	25	25	35	
21 бастап 30 дейін	6	6	7	7	25	25	45	45	55	
31 бастап 40 дейін	8	8	9	9	30	30	70	70	75	
41 бастап 50 дейін	10	10	11	11	35	35	70	70	90	
51 бастап 60 дейін	15	15	16	16	40	40	70	70	95	
61 бастап 70 дейін	20	20	21	21	45	45	70	70	100	
71 бастап 80 дейін	25	25	26	26	50	50	70	70	100	
81 бастап 90 дейін	30	30	31	31	55	55	70	70	100	
90 астам	35	35	36	36	60	60	70	70	100	

Ескерту:

- Тыныс алу жолдары күйгенде -30%.
- Зиян шеккен дененің 1% оның қолының алақан бетінің ауданына тең.